



ТУҒАН ЕЛ, ТУҒАН ЖЕР ТОЛҒАУЛАРЫ

Белгілі қаламгер Жанат Елшібектің шығармашылық әлемі төңірегінде сөз

Мен – бақытты жанмын. Қаламгерлік әрі ұстаздық ұзақ өмір жолында талай буынның өкілдеріне дәріс оқып, тәлім-тәрбие бердім. Бүгінгі қазақ әдебиеті мен мәдениетінің танымал буындарының арасында ондаған қабілетті де өзіндік қолтаңбасымен дара көрінгендері көп-ақ. Оларды әрдайым мақтан көремін. Солардың сапында талантты шәкірттеріміздің бірі ретінде Жанат Елшібек жайында жылы пікір білдіруіме тура келіп отыр. Осынау мерейтой үстінде менің ойыма оның кейінгі жарық көрген «Сырлы әлем» кітабына жазған алғы сөзім ойға оралады: «Қалам бабы бөлек-ау. Оны шығармашылық адамы жақсы түсінсе керек. Әр нәрсеге желе-жортып бүлкілдей жөнеле бермейтін қаламның кейде шоқырақтап, жүрмей қоятыны бар. Ал, кей сәттері көңілің ашық күндей жарқырап, қиялың қанаттанып, ойың серпіліп қоя береді. Мұндайда қаламыңды тізгініп, ойыңды тежей алмайсың. Көкейіңде жүргенді ақтарып, жүрек түкпірінде ұялаған пікіріңді ағызға асығатының белгісі. Міне, мен де дәл осы мезет сондай күйде отырғандаймын.

Данышпан Абай: «Өмір – мұхит, уақыт – толқын» дейді зой. Күні кеше ғана секілді. Бәрі-бәрі көз алдымда. Ұзақ жылдар еліміздің байырғы білім ордасы – республикадағы жоғары оқу орындарының қарлығышы саналатын ҚазПИ-де ұстаздық еттім. Қасиетті қара шаңырақта талай жастарды түлетіп ұшырдық. Әрқилы ұрпақтың, толқын-толқын буынның өкілдерін құрайтын сол жүздеген, мыңдаған шәкірттеріміздің сапында Жанаттың есімін ерекше үкілеп айтар едім. Институттың қабырғасында жүргенде-ақ жазған-сызғандарына «ҚазПИ-дің студенті» деп қол қоятын ол шын мәнінде институт мақтанышына айналған болатын. Алаштың арыстары Сәкен Сейфуллин мен Мәлік Ғабдуллин дәріс оқыған, дауылпаз ақын Тайыр Жароков жыр тасқынын селдеткен әйгілі №25 аудиторияда отырып қазақ әдебиетінің ұғамалары Қажым Жұмалиев, Шайқы Кәрібаев, Төкен Әбдірахманов, Хасен Әдібаев, Зейнолла Серікқалиев лекцияларын тыңдап, тәлім алған студентімді мен де ерекше құрметтеймін.

Өткенге зер салып қарасам, Жанаттың әртүрлі тақырыпта жазған дүниелерін баспасөз беттерінен қырық-қырық бес жылдан бері үзбей оқып келемін. Мерейіңді маркайтары сөзсіз. Түбіт мұрты тебіндеген бозым шағынан білетін талантты, қазығез шәкіртіміздің көз алдымда кемелденіп өсіп, қабырғалы қаламгерлер қатарына қосылғанын көру – қандай ганибет. Қауырсын қаламы қатайып, шығармашылық көріктің небір түзінін өтіп, үлкен өмір мектебінің ыстық-суығында шыңдалды. Оған айғақ – Жанат Елшібектің қаламынан туған жиырмага жуық деректі-публицистикалық, танымдық және көркем-әдеби кітаптары. Қадап айтар жайт, Жанат жазған туындылардың қай-қайсысы да оқырман назарынан қазыс қалған емес. Көтерген келелі тақырыбымен, қозғалған өзекті өткір мәселесімен, айтар терең ойымен көпшілік қауымды елеңдетеді. Ал, оның танымдық жанрдың көкжиегін кеңейтудегі шығармашылық ізденісі ұшан-теңіз. Өзіндік дара қолтаңбасы қалыптасқан жазушының повестері мен әңгімелерінде де жұрт көңілін аудартап танымдық, қызықты деректердің молынан ұшырасуы тегін емес. Мен оған ескей-тегжейлі тоқталмаймын. Жол-жөнекей әңгіме орайына қарай айтып жатқаным да. Өйткені, Жанатқа кезінде Жазушылар одағына мүшелікке өтуге кепілдеме бергендердің бірімін.

Жазушы Жанат Елшібектің өздеріңіз парақтап отырған жаңа кітабы хақында бірер ауыз сөз. Жоғарыда ескерткенімдей, ол қырық жылдан астам уақыт табан аудармастан баспасөзде қызмет атқарып келеді. Әуелгі жылдары жас журналистер ұстаханасы – «Лениншіл жаста» (қазіргі «Жас Алаш») еңбек етсе, одан кейінгі бүкіл саналы ғұмыры «Егемен Қазақстанда» өтуде. Бұл басылым – үлкен мектеп. Оның үстіне соңғы ширек гасырдан бері редакцияның жауапты хатшысы. Мүйізі қарағайдай-қарағайдай қаламгерлермен иық тіресіп, қоян-қолтық араласып, сөз өнерінің мехнаты мен рахатын белден кешті. Қазақ әдебиетінің бекем уығына айналған талай ақын-жазушылармен пікірлес, сырлас болды. Яғни, жылдақ тілмен жеткізсек, ортақ терінің пұшағын бірге илесті. Мұны тәптіштеп отырғаным, Жанаттың осы жинағы тұтасымен әдебиет, мәдениет, өнер қайраткерлерінің шығармашылық әлеміне арналған екен. Әйгілі ақын-жазушылардың, өнер саңлақтарының көркем бейнелерін әр қырынан сомдаған әдеби портреттер мен эсселер өте тартымды жазылған. Есімдері елімізге елеулі тұлғалар образдары шұрайлы штрихтармен, ұтымды детальдармен кескінделген. Қызықты оқиғаларды, сырт көз біле бермейтін елең еткізер деректерді арқау етіп өрілген туындылардың беделін көтеріп, еңсесін одан бетер асқақтатып тұрған автордың құнарлы тілі. Елеусіздей көрінер көріністерді кестелі де бедерлі тілмен өрнектеуге келгенде Жанаттың қаламы қашанда жүсірік.

Халық жазушылары Шерхан Мұртаза, Қалтай Мұхамеджанов, Мұзафар Әлімбаев, Қадыр Мырза Әлі, Мұхтар Мағауин, қазақ сөз өнерінің майталмандары мен мақмаңгерлері Балғабек Қыдырбекұлы, Сейдахмет Бердіқұлов, Марфуға Айтхожина, Темірхан Медетбек, Жақау Дәуренбеков, Мазира Қожахметова, Қаскет Баянбай, Есенжан Рауианов, атақты қылқалам шеберлері Айша Ғалымбаева, Гүлфайрус Исмаилова, Раушан Момбекова жайында жазылған дүниелердің бәрі де көркем әңгімедей гажайып әсерге бөлейді. Маған сөз қасиетін жақсы танытын Жанаттың сыншылық зерттеушілік қырлары қатты ұнады. Сондай-ақ, жинаққа енген өзге де өнер иелерінің шығармашылық әлемін әңгімелеген эсселер ешкімді де бейжай қалдырмасы анық. Астарлы әзіл мен уытты қалжыңға толы алақандай әңгімелер де кітап мазмұнын байытып тұр. Журналист әріптестері жайындағы ой-толғаныстар, былайғы көп жұрт біле бермейтін газет шығарудағы қалтарыстарды суреттейтін эпизодтар сыршылы-дығымен, шынайылығымен баурап алады.

Иә, шығармашылық адамының өмірі – өзіңше бір сырлы әлем. Оның беймәлім құпиясы, тылсымы мен жұмбағы сан қабат. Әр қаламгердің

«Қош бол, теңіз» хикаятында да теңіз жағасының ескі тіршілігін қызықты санаған елдің психологиясы басым көрінеді. Оған аудан басшысы Әбікенге еріп барған баласы Мәлік пен қаладан келген журналистің көзі жетеді. Мәлік теңіз өмірінен қызықты суреттер салса, журналист Хасен Балқаш балықшыларының еңбегімен танысады. Жағалаудың адамдары да қайратты, еңбеккер. Хикаятта сол ортаның тылсым сырын жетік білетін шежіре қарт Мақан, балық колхозының бастығы Төлеуқасым, аудан басшысы Әбікен сияқты еңбек адамдарының жан-жақты бейнесі жасалған. Теңіз романтикасы жастарды да еліктіреді. Олар да өмір танып, «теңіз толқынында нық тұруға» үйренеді. «Теңіз жүрексіздер мен жігерсіздерді сүймейтініне», «Дауыл өтінде, толқын төсінде шындалмаған адамның теңізші бола алмайтынына» көз жеткізеді. Бірақ, сол теңіз күзетшілері бүгін азайып бара жатыр. Мақан қарттың өлімі осыны аңдатады.

Бұл хикаяттарда да халықтың әдет-ғұрпы, дәстүріне, ауылдың экологиялық жағдайын суреттеуге кең орын берілген. Олар әрқилы планда көрінеді. Ауылна келген Отарбай ақсақалдың атын мініп шыққан Саяттың «бойыммен бірге ойы да өсіп шыға келгендей». Ол жол үстінде құлаған, қираған үйлердің орнын тамашалайды. Үй иелерін есіне түсіреді. Жазушы бәрін санамалап, үңірейген қорқынышты суреттермен әспеттейді. Баланың есіне «Жуасы мен жусаны бүрқырған ауыл» әні түседі. Кәдімгідей көңілі босайды. «Егер, біз де қалаға мүлдем көшіп кетсек, иесіз қаңырап қалады екен ғой. Үймен бірге ауызғы бөлмедегі қарлығашымның ұясы да быт-шыт бола ма» деп ойлайды ол.

Торғын кемпір ата жұртты күзетіп отырғанына мәз. «Қайнағаның құтты мешіті ғой. Қашан еді?... Осы табалдырықты келін болып аттаған күнімді неге ұмытайын! Бәрі-бәрі есімде. Алтыбақан басындағы ән-жыр да тура кешегідей, Құлағымның түбінде жаңғырады-ау! Қарашы, енді, міне, жер де тозған, ел де тозған. Тозғаны емей немене, анау тұста терең өзек ағып жататын жаз бойы талай сырды ішіне бүгіп алып... Қалың құм басып тастаған бұл жерде жасыл желек жамылып, көк құрақ сылдыр қағып тұрушы еді дегеніме мына Саятым сенер ме екен!» – дейді ол бүгінгі жер сұрқына көңілі толмай. Газ-69 машинасымен теңізге қарай жолға шыққан жолаушылар (Әбікен, Мәлік, журналист) көзімен де жазушы даланың, жолдың тозғанын дәлелдей суреттейді. «Жанбыр аңсаған дала төсі ақтандақ соры шығып, тілім-тілім жарылып кеткен. Мезгілсіз сарғайған қыр суреті де сүренсіздеу. Қаулаған сораң, қаптаған байлыш пен ақ теріскен. Құмның тырбиған қызыл жынғылы мен қоңыраулы сылдырмақ таққан кара шеңгелі жолдың біресе о жағына, біресе бұ жағына ауысады. Бойларын көтере алмай бұйрат-бұйраттың бауырын тасалаған бөкене сексеуілдер... Әлсін-әлсін ұшырасып қалар шоқ-шоқ шашақты ши мен күрдек бас мия ғана шағыл құмға өзінше рең бергендей».

Жолаушылардың құм қойнауынан шығып, Қараталға бет түзгеннен кейін дала табиғатының ажарлана бергенін де жазушы суреткерлікпен аша білген. Теңізбен астасқан дала пейзажын құлды қыл қалам шеберіндей әдемі де келісті кескіндейді.

«Жазылмаған жара» хикаясы ел бойындағы кешегі соғыс салған жараның әлі де жазылып болмағанын суреттейді. Оның негізгі кейіпкері – соғыстан бір аяқ, бір қолынан айырылып келіп елде қайтыс болған шалының орнын күзетіп, әскерден қайтпай хабарсыз кеткен Әли атты баласын күтіп отырған Жамал кемпір. Бір үйде жалғыз, үйі де, өзі де тозған. Кейде от жағуға да шамасы келмей жатып қалады. Көп адамдардың оны көрмегені де қашан! Осындай күйде жатқан ананы мектептің ауылға көмектесіп жүрген ересек балалары Дана мен Сандуғаш іздеп табады. Олар әжесін тұрғызып, үйіне от жағады, тамақ әкеп көмектеседі. «Алау» тобының мүшелері Әлиді іздеп табады. Оның соңғы хаты арқылы Смоленск маңында соғысканын біліп, сол жердің «қызыл-ізіштеріне» хат жазады, Смоленск оқушылары бір солдаттың қабірінен гильзаға салынған хатты іздеп тауып, оның авторы Әли екенін анықтайды. Ол Смоленскіні қорғаушылардың қатарынан орын алады. Олардың шақыруымен Жамал әжей баласының басына барып қайтады. Алыс жолда төбесі көкке екі-ақ елі жетпей қайтқан қарт ана жиған-тергенін шашып той жасайды да, кешікпей өзі де өмірден өтеді. Хикая соғыс салған жараның адамдар бойында әлі де өтіп болмағанын, соғыс ардагерлеріне қамқорлықтың қажеттігіне назар аудартады. Бұл хикаяда да ауыл адамдарының өмірі жанды елестейді. Жанат әңгімелері де әдеттегі эпикалық туындылар үлгісіне ұқсамайды. Олардың журналистің қаламынан шыққаны байқалып тұрады. Эпизодтық оқиғаларға құрылған әңгімелерде адамның мінез-құлқын, психологиясын танытарлық, өмірдің өзінен ойып алған суреттер мол. Тартымды да қызықты өрілген көріністер көңіл өсіреді. «Ауылдағы дос», «Бір күн, бір түн» әңгімелерінде жазғы демалыста ауылдағы атасы мен әжесіне барған балалардың ісі, қылығы, психологиясы жақсы ашылады. Өз құрбыларымен танысып, достасқан қала мен ауыл балаларының бірін-бірі шын дос санаған ақ көңілі, хат жазысуы, жазғы демалысты бос өткізбей, ауылда шөп шабуға қатысуы, біртіндеп еңбекке қызығу, дала табиғатын сүйеге үйренуі де тартымды әңгімеленеді. Қаламгер ауыл өмірін жақсы біледі.

Жанаттың бұрынғы кітаптарында да көркем әдебиетке публицистиканы пайдалану, өмір проблемаларын кең көтеру, әдебиеттің танымдық сипатын арттыру жолындағы ізденістері айрықша байқалатын. Ол жастар өміріне көп көңіл бөледі. Қанша дегенмен, өмір өз дегеніне көндіріп жатыр, ескі жұртты күзетіп қалғандар азаюда, енді солардың орнын басарлық жеткіншектерді танып, оларды даланың табиғаты мен ауыл өміріне қызықтыру, ата дәстүрді сыйлауға үйрету – оның негізгі тақырыбы болып табылады. Ол тағдыр мен адам проблемасын қозғайды, яғни туған ел тіршілігін толғайды. Тілі көркем де, бейнелі. Сөз киесін жан-дүниесімен түсінеді. Қуаныштысы да міне осы. Ауыл жырышысы екенін танытқан жазушының қиын жолдағы ізденістеріне сәттілік тілейміз.

Серік ҚИРАБАЕВ,

академик